



## АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АҚЫЛ-ОЙДЫҢ КҮШІ, БІЛІМНІҢ ПАЙДАСЫ, ҒЫЛЫМНЫҢ ОРНЫ ТУРАЛЫ

Искендерова Когаршин Жолдубаевна 

ІІШ.Уәлиханов атындағы КУ жанындағы көпсалалы колледжінің қазақ тілі мен әдеби-  
етінің оқытушысы, педагог-шебер.,  
Қазақстан.

### ТҮЙІН СӨЗДЕР

ақыл-ой, ғылым,  
ұлттық сана, адамзат,  
толық адам.

### АНДАТПА

Мақалада ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлының ақыл, ғылым, білім жайлы айтқан ойларының бүгінгі күнге дейін маңызын жоймай келе жатқандығы туралы баяндалады. Соңғы кездері ұлылардың тарихтағы орындарына күмән келтіріп, жастардың санасын улап жүрген кейбір зерттеушілердің пікіріне қарсы ұлы ақынның баға жетпес мұраларын ұлықтау көзделді. Ақылды, ойлы жас болудың қадамдарын Абай мұрасын оқу арқылы танып, тіпті «Толық адам» іліміндегі толық адам дәрежесіне көтерілу сатыларының кезеңдері көрсетілді. Сондай-ақ, мақалада қаншама ғасыр өтсе де Абай Құнанбайұлының айтқан ғақлия сөздері мәнін жоймай, керісінше, халқының санасында жыл өткен сайын жаңғырып, мәңгі жасай беретіні туралы айтылды.

Ұсынылды: 10/ 09 / 2023  
Қабылданды: 04/ 12 / 2023



## Кіріспе

**К**анша уақыт өтсе де, әлдеқашан ғаламшарда өзіндік орны бар сүмбіле жұлдыздай халқына шамшырақ болып, жыл өткен сайын жарқырай түскен Абай мұраларының тәрбиелік, тағылымдық мәні зор. Абайымды әлемге танытқан М.Әуезовтің өзі «Абай деген – терең теңіз, алып мұхит. Абайды таныған сайын, оның түбіне маржандарын алу үшін сүңги беруің керек, сүңги беруің керек. Ал мен оның бетін ғана қалқыдым» деген екен. Ұлы Мұқаңның өзі жүрексіне, толғана қалам тербеген Абай әлемі әлі күнге дейін маңызын жоймай, қайта жыл өткен сайын темірқазықтай халқына жол көрсетіп тұрғандай. Дегенмен, осы алып тұлғаның өмірде болғаны, болмағаны туралы сөз қозғап, кейінгі жастардың миын улап, күмәндерін күшейтпекші болып жүрген кейбір зерттеуші білгірлердің не мақсат көздегендерін кім білсін...

Қазақ әдебиетін оқытып жүрген маман ретінде, шәкірт тәрбиелеп жүрген ұстаз ретінде, жалпы ет-сүйегім қазақтың қанынан жаралған қазақ ретінде мұндай надандықпен айтылған пікірлерді естігенде қынжылып, ашудан қалтырап, денем мұздап, атарға оғым болмай, есеңгіреп қаламын. Қоғамда соңғы кезде белең алып бара жатқан қазақ ұлыларының бағасын кеміту, олардың жеке өмірлерін әшкерелеу, жеке тұлғаларына, шығармаларына кір келтіру ушығып бара жатыр. Бұған интернет, ғаламтордың жүгенсіздігі ықпал етуде десек те, жас ұрпақтың сол желіден ақпарат алып, өмірлеріне азық етері баршаға белгілі. Сондықтан да өткеніміздегі тарихи тұлғаларымыздың атына кір келтірмей, керісінше, ұлтымыздың кемеңгер, батыр, ақылгөй, дана болғандығын мақтан тұтып, жастардың санасына өз ұлтына деген сүйіспеншіліктерін дарыту, қандарындағы

ата-бабаларының еркіндіксүйгіш, дархан, жомарт мінездерін оятуды көздегеніміз жөн. Өткенін білмейтін болашақтың алды бұлыңғыр, келешегі көмескі, жолы бұралаң болатыны айдан анық.

Абайды өздеріне шамшырақ еткен кешегі алаш кемеңгерлерінің кемелді ақылдарына шүбә келтіруге бола ма екен?! Жерім, елім деп етектері жасқа толған, қызметтерін жасап, өздерін құрбандыққа шалған алаш тұлғаларының кез келгені Абайды өздеріне идеал тұтты, ақылдарына ақыл қосты, тамсанды, таңырқанды.

Шығармаларына арқау етті. Сол репрессия құрбандары болып атылуға кетіп бара жатса да ұлтынан, елінен, Абайынан бас тартпаған Ахмет, Мағжан, Жүсіпбектердің қасында Абайға шүбә келтіргіштер кімдер?!... Оларды мен ұлт сатқындары, нағыз халық жаулары солар дер ем.

Өзінің ғасырынан оза туған Абай кезінде осындай халық ішінен шыққан надандармен, көрсеқызар жалмауыздармен күресіп, адамгершілік пен мейірімділіктің ұрығын септі. Заман ағымының бағытын айқын айқындап, көре білген Абай халқын тығырықтан алып шығар жол білімде екенін анық ұғынды. Ресей патшалығының отарлау саясатының зардабын көріп тұрса да, халқын қантөгіске, ереуілге шақырған бірде-бір ойларын кездестірмейміз. Абай дүниенің өзгеретінін, бірқалыпта тұра бермейтінін біліп, соған халқының дайын болғанын қалаған. Жас ұрпақтың білім алуға ынтық болғанын, білім көкжиегінің кең, әрі еңбекқор, ақылды болғанын армандаған.

Ақыл-ой ұғымы Абай өлеңдерінде де, қарасөздерінде де, поэмаларында да жиі айтылады.

*Мен көрдім дүние деген иттің көтін,*

*Жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін.*

*Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда*



*Көбінің сырты - бүтін, іші – түтін*, - деген Абай ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда деп торығады.

Ойлы адам. Ол қандай адам? Ойлы адамның бір критерийі – ақылды адам десек, жер бетінде терең ойлы жандар көп пе екен? Кез келген адам өзін ақылды санайды. Осы жасқа жеткенімше мен ақылсызбын деген адамды кездестірмедім. Кездестірмейтінім де анық. Өйткені , ешкім өзін ақылсызбын деп санамайды. Жаратқан әркімге шама-шарқынша ақыл берген.

Алайда, сол ақыл неге әркімде әртүрлі? Неге бір жағдайда әркім әртүрлі әрекет жасайды? Осы сұрақтардың жауабын Абай шығармаларынан табатының анық. Абай:

*Ынсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талап,*

*Бұларды керек қылмас ешкім қалап.*

*Терең ой, терең ғылым іздемейді,*

*Өтірік пен өсекті жүндей сабап*, - деп ширғып, терең ой мен терең ғылымның иесі атанғысы келгендерге ынсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талап категорияларын ұсынады. Бүгінгі күнгі көзқараспен қарағанда жұртшылық аса бағалай бермейтін, байыбына бара бермейтін категориялар. Неткен өкініш. Адамның адам болып қалуы, ашуын ақылға жеңдіруі, сабыр түбі-сары алтын екендігін ұғатын, ары мен намысын бірінші орынға қоятын салиқалы ұрпақтың ауылы алыстап кеткендей ме, қалай?

*Тәңірі адамдарды жаратты, үздік етті,*

*Оған өнер, білім, ақыл берді.*

*Көңіл берді, әрі тілін сайратты,*

*Ұят берді, мінезі мен қылығы сының*, - деп жырлаған Жүсіп Баласағұн да мінезі сынық адамның жан дүниесінің бай келетіндігін меңзеген. «Адамдардың артықшылығы өнері, ақылы, білімі болса, ол- адамның өз қажеттіліктері үшін таптырмайтын қасиет»- дей отырып, Жүсіп Баласағұн да адамдарды

осы асыл қасиеттерді бойына жинақтауға шақырады.

Екі ақынның да басты мақсаттары- адамның өзін-өзі тәрбиелеуі. Заманауи тілмен айтсақ , өзіңді тану. Өзіңді тану жолында ғылыммен айналысу, біліміңді жетілдіру, ақыл-ойыңа пайдалы ақпараттар жинақтау-бүгінгі заманда да құнын жойған жоқ.

*«Елді билеуден адамның өзін-өзі билеуі қиын. Жағдайы келгенде бақ көтеріп, таққа отыру бола береді. Бірақ соның буымен өзін-өзі ұстай алмай, абыройын ашатындар көп.»*- деген Абай пікірінің осы замандағы билікке ие болған бірталай адамның кейпін танытады. Біреуге билік айтпас бұрын, өзіңнің шамаңды білу, көрсеқызарлықпен қолдан келмес іске ұмтылу-ақылсыздың ісі екен. Уақыт өте келе бұл мойнына алған жүк салмағы ауырлай түседі. Жауапкершіліктен қашып, тығырыққа тірелген кезде одан шығар жолды іздеп, біреуге жарамсақтанады, пара береді, орынсыз ыржалақтайды. *«Ар мен ұятқа терістіктен сілкініп , бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтағанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?»*- деп Абай күйінеді.

Ақылды, есті адамдардың қатарында болғың келсе, өзіңнен Абай айтқандай күнде есеп алмасаң да, арасында есеп алып тұру қажеттілігі басты назарда. Өйткені әркімге берілген уақыт-өлшеулі. Осы қысқа ғұмырда алысып-жұлысып, боқ дүниенің соңына түсіп, өміріңді өксітудің соңы мағынасыздыққа, шарасыздыққа әкелмесіне кім кепіл?

Бүгінгі күндері рухани құндылықтан гөрі материалдық құндылықты бағалайтындар көбейді. Байлық пен тоқшылықты көтере алмай, асыра құнығатындар да баршылық. Халқымыз



ондайда, біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді деген.

Ойшыл Абай: «Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше белгілі бір парқын көрдім ...есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді. Есер кісі орнын таппай, не болса сол бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын ит қорлықпен өткізіп алады екен» дей келе қарасөздерінде ой маржандарымен бөліседі. Білгенге маржан, білмеске арзан ғұлама ойлары заман үнімен үндес, қанша уақыт өтсе де тозбайтұғын асыл қазына.

« Ғылым таппай баптанба» өлеңінен басталған ғылым туралы айтқан ойшылдың ойлары қарасөздерінде жалғасын тауып отырады. «Он жетінші сөзінде» Абай ғылымды қайрат, ақыл, жүрекке баскөз болғанын қалайтынын жеткізеді. Ғылымның адамзат өмірінде төңкеріс жасайтынын сезе, ұға білген ақын замандастарын ғылымды танып-білуге шақырған. «Отыз екінші сөзінде»: «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды. ...ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен үйренбек керек. Бахасқа (қиянат жасау) бола үйренбе. ...Әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһаттықпен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма! ...-дейді. Ғылым-білім арқылы мақсат-мүддеңе жетуге болады. Тек өзгеге залалың тимесе екен деген гуманист ақынның ойы таза, ниеті түзу, мақсаты айқын. Абай заманынан бері қаншама ғылымның жетістіктері болғанын айтып тауыса алмаймыз. Әйтсе де, ғылымға кез келгеннің қолы жетпейді, өресі де жете қоймайды. Әйтсе де, Абай:

*Ғалым болмай немене,*

*Балалықты қисаңыз?*

*Болмасаң да ұқсап бақ,*

*Бір ғалымды көрсеңіз.*

*Ондай болмақ қайда деп,*

*Айтпа ғылым сүйсеңіз,*

*Сізге ғылым кім берер,*

*Жанбай жатып сөнсеңіз?*

*Дүние де өзі, мал да өзі,*

*Ғылымға көңіл берсеңіз.*

*Білгендердің сөзіне*

*Махаббатпен ерсеңіз.*

*Ақыл сенбей сенбеңіз,*

*Бір іске кез келсеңіз.*-дейді. Ғылым-білім, дүниетанудан кенжелеп қалған еліне жаны ашыған ақын халқына қазіргі сөзбен айтсақ, мотивация береді.

Малдарын сатып, балаларын оқуға берулерін сұрайды. Ерінбей еңбек етіп, өз нәпақанды адал тап дей келе, бір кірпіш дүниенің кетігін тауып, қалануын тілейді. Қазіргі жастарымыздың сөз қадіріне, байыбына бара бермейтіні, түсініктері таяз болып, терең ойға жете алмауы үлкен мәселе болып отыр. Қолдарынан түспейтін телефоннан өзіне қажеті, пайдасы бар ма, жоқ па ақпараттарды түгел қабылдайтын жастардың алдағы күнде нені мансұқ ететіні беймәлім. Сондықтан да жастардың санасын сауықтыру, ойын жарықтандыру, қиялын өрістету, ақылын асылдандыру үшін Абай шығармаларын оқуға, Абай туындыларын зерделеуге, Абайдан шыққан ақылға бұра аламыз ба? Міне, бұл – әркім үшін үлкен маңызды мәселе. Ұрпағымыз білімді, халқымыз парасатты болуы үшін ұлыларымызды насихаттауымыз қажет. Абайдың «Масфұт» поэмасындағы көппен бірге «жынды суды» іше берген Масфұттың кейпін киіп, көп не қылса, соны қылайын деп жүре береміз бе?

*Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста.*

*Сонда толық боласың елден бөлек.*-деп осы үшеуін қатар ұстаған жанның толық адам дәрежесіне көтерілетінін айтады. Абайдың «Толық адам» ілімі қазіргі кезде көпшіліктің



назарында жүр десем, артық айтылған емес. Тіпті абайтанушы Мекемтас Мырзахметов «Бүкіл оқу орындарындағы тәлім-тәрбие беретін оқулықтар Абайдың «Толық адам» ілімі негізінде қайта жазылуы тиісті. Бұл рухани қажеттілік» – дейді. (г. Қазақ әдебиеті. 4.08.2017 ж.) Ал ол ілімді түсіну, түсініп қана қоймай, жастарға жеткізу оңай іс емес. Бұл ілім бойынша адам «жарым адамнан» «адам» сатысына көтеріледі, одан соң ғана «толық адам» сатысына өтеді. Ал бұл сатыға тек ерекше қасиеті бар адамдар, Алланы ғана сүйетіндер, материалдық дүниені қажет етпейтін, рухани қасиетті ғана мойындайтын адамдар ғана өтеді екен.

*Мықтымын деп мақтанба ақыл білсең,*

*Мықты болсаң өзіңнің нәпсіңді жең...* -дей отыра ұлы Абай бүгінгі заман аламдарына аса қажет қасиеттерді айтады. Яғни, нәпсісін жеңе алған пенде ғана биік сатыдан көрініп, кісіліктің жоғары деңгейінен көріне алады.

*«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...»*- адамдарды ұлтқа, нәсілге бөлмей тең көріп, зұлымдық пен зорлыққа қарсы тұрған Абайдың әр айтылған сөздері бүгінгі күндері өте актуальді болып отыр. Өркениет дамып, алға қадам басқан сайын әлемде неше түрлі оқиғалар болып жатқанының куәсі болып отырмыз. Күллі адамзатты жүрегіне сыйғызып, парасаттылықпен айналасына адамгершіліктің гүлін сепкен Абай :

*Біріңді, қазақ, бірің дос*

*Көрмесең, істің бәрі бос.*

*Малыңды жауға,*

*Басыңды дауға*

*Қор қылма, қорға, татулас.*

*Өтірік, ұрлық,*

*Үкімет зорлық*

*Құрысын, көзің*

*Ұятың, арың оянсын,*

*Бұл сөзімді ойлансын...* -деп халқының алдағы өміріне бағыт-бағдар сілтейді. Тоқсан сөздің

тобықтай түйіні-Абайды оқып, таңырқаудан жалықпайық. Білім де, ақыл да, ғылым да бір өзінен табылар...

## Әдебиеттер тізімі

Семей қаласының қалалық кітапханасы..  
Абайдың нұрлы сөздері.  
<https://abay175.semeylib.kz> сайтынан алынды.

Әдеби әлем.. [Егер белгілі болса, белгілі бір мақаланың немесе беттің тақырыбы].  
ішінен алынды

Ғылым жаңалықтары.  
<https://bilimnews.kz/content/bolim/matin/tid/adebiet/37/4034/1> сайтынан алынды.

Soyl.kz <https://www.soyle.kz/article/view?id=517> сайтынан алынды.